

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы бойынша есеп
«Теңізшевройл» ЖШС
2022 жыл

Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының серіктестері –
Үкіметтік емес ұйымдар ұсынған есептер негізінде әзірленді

Білім беру

Жоба: Кәсіби бағдар – таңдау жаса және болашағыңды өзің басқар

ҮЕҰ: «Тұлғалық өсу «INTEGRITY» қоғамдық қоры

Қамтылған елді мекендер: Атырау қаласы.

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 3

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 600 / 1 500 (2 100)

Мақсаты: кәсіби бағдар мамандарының қолдауымен мектеп оқушыларына болашақ мамандықтарында қолданатын қабілеттерін анықтауға көмектесу.

Жоба міндеттері:

- Әлеуметтік және басқару дағдыларына үйрету – көшбасшылық, мақсатты дұрыс қою және таңдау үрдісі, эмоционалдық сауаттылық және рефлексия, ақпаратпен жұмыс дағдылары, жылдам оқу және уақытты басқару;
- Тәлімгерлер мен жаттықтырушыларды даярлау;
- Ата-аналарды оқыту;
- Кәсіби бағдар тақырыбына форум ұйымдастыру.

Жоба аясындағы іс-шаралар

- 600 адам (3 лек) мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру маманынан екі тілде жеке кеңестер алды; жалпы ұзақтығы 200 сағаттан астам икемді дағдыларды дамытуға арналған 3 бағдарлама бойынша оқытылды.
 - Соңғы лектің балалары арасында – «Шаңырақ» отбасы үлгісіндегі балалар ауылынан 15 бала және ерекше күтімді қажет ететін 4 бала.
- Оқушылар әр лекте қаржылық сауаттылық, университетке түсу, сөйлеу техникасы және оны ретке келтіру, басқа да маңызды дағдылар бойынша мамандар жүргізген 12 вебинарға қатысты.
- Қатысушылардың ата-аналары балалардың жас ерекшелік психологиясы, қазіргі заман балаларымен тиімді қарым-қатынас орнату, эмоционалдық сауаттылық тақырыптары бойынша 12 вебинарға қатысты.
- Сондай-ақ, шағын топтарда және жеке жұмыс жасау үшін тәлімгерлермен кездесулер өтті.
- 12-шілдеде «Кәсіби бағдар: Мемлекет. Бизнес. ҮЕҰ» тақырыбында республикалық форумы өтті. Форумға Атырау қаласы басшылығы, «Атамекен» ҰКП, білім беру мекемелері өкілдері, ата-аналар, балалар қатысты. Спикерлікке сарапшылар, білім беру жүйесіндегі трансформация саласы мамандары шақырылды. Форумда «Атамекен» ҰКП-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.
- ҮЕМАА заманауи мәдениет орталығында офлайн кездесулер өтті: 1) «Өзін таныстыру» шеберлік сыныбы; 2) «Комикс арқылы балаларға арналған қаржылық сауаттылық» жобасының авторымен шақырып кездесу; 3) ТШО-ның ҰЖББ бас менеджерінің орынбасары – Хеймиш Полстың “Мамандық таңдау – өзіңдітабу» тақырыбы бойынша қонақтың дәрісі; 4) ата-аналарға арналған «Эмоционалдық интеллект» офлайн тренингі.
- Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ институтына экскурсиялар ұйымдастырылды.
- «Атамекен» ҰКП-мен меморандум аясында «Карат» ЖШС, «Дәулет-нан», «Дәулет су» кәсіпорындарына, «Сомерсет» қонақ үйіне, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Атырау филиалына бірлескен экскурсиялар ұйымдастырылды.
- 29 және 30-тамызда жоба үйлестірушісі Алтын Малеева, тәлімгерлер Сәуле Қажы мен Ұлжан Ақтананова Астана қаласында “40 минутта апгрейд” оқуынан өтті. Оқу барысында сыныптағы барлық оқушыларды 40 минутта әрекетке келтіру үшін сабақты қалай тиімді ұйымдастыру, 21-ғасырда оқушылардың дағдылары мен біліктілікті қалайша дамыту керектігі зерделенді. 17-қыркүйекте қайталама оқу өткізіліп, жоба тәлімгерлері - әріптестерімен өз білімдерімен және құралдарымен бөлісті.
- 10-желтоқсанда жоба қатысушылары және ата-аналар үшін, Түркия университеттеріне түсу және грант алу мүмкіндіктері туралы офлайн кездесу өтті.

Жоба нәтижелері Результаты проекта

- Өткізілген іс-шара нәтижесінде 600 жоба қатысушылары мен ата-аналары болашақ мамандық таңдауда кәсіби бағдар маманынан кеңес алып, ЖОО-ға қалай түсуге болатынын, құжаттарды қашан жинайтынын, қай жерге

түсу жақсырақ екенінен хабардар болды, икемді біліктер, дағдылары, қаржылық сауаттылық негіздері бойынша дағдыларды, өздігінше өмір сүру дағдыларын үйреніп, қалыптастырды және тәжірибелеріне енгізді.

- Балаларға арналған жобаға қатысудың басты нәтижесі жеке даму жоспары бойынша жұмыс болды. Қатысушыларды коучинг құралдары мен әдістерін пайдалана отырып, өзіндік рефлексия және қол жеткізілген нәтижені талдауға, сондай-ақ, коучингте кері байланысқа үйрететін тәлімгер сүйемелдеді.
- Жобаға қатысушылар мамандық таңдау туралы көбірек хабардар болды, еңбек нарығын бақылауға арналған құралдар мен сілтемелерді қабылдады, басқа қатысушылармен достасты, үйде және мектепте жақсы қарым-қатынас жасай бастады.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

- 1) Балалардың мектептегі сабақ пен каникул кезінде бос болмауынан онлайн оқу мен вебинарларға қатысу көрсеткіштері төмен болды.
- 2) Ауданнан келетін қатысушылардың көпшілігі шалғайда тұратындықтан қаладағы офлайн кездесуге қатыса алмады. Аудан орталықтарында офлайн кездесу мүмкіндіктерін қарастыру керек.
- 3) Сондай-ақ, 2023-жылы жобаға өзгеріс енгізілді - қала мен Жылыой ауданы мектептеріндегі мұғалімдер, сонымен қатар, университеттің бірінші курс студенттері арасынан кәсіби бағдар берушілерді оқыту. Осылайша облыс бойынша кәсіби бағдар алған оқушылар саны артады.

Жоба: Брайль қарпі бойынша электрондық әліпбилік жаттықтырғыш

ҮЕҮ: «Sezual» мүгедектердің қоғамдық бірлестігі

Қамтылған елді мекендер: Атырау қаласы.

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: қолданылмайды

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 150

Мақсаты: электрондық техникалық құралдардың көмегімен ағылшын, қазақ және орыс тілдерін меңгеру барысында білім беру үрдісіне ықпал ету.

Міндеті: «Брайль жаттықтырғышының» 36 құрылғысын қолдан жасап, келесі ұйымдарға жіберу:

- 1) «Қазақ зағиптар қоғамы» ҚБ Атырау облыстық филиалы, 21 дана, әр тілде 7-еуден;
- 2) Атырау облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы «F.Сланов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ, 15 дана, әр тілде 5-еуден.

Құрылғыларды енгізудің сапалық көрсеткіштері

- Облыстық кітапхана мен Атыраудағы Қазақ зағиптар қоғамында барлығы 150 адам “Брайль жаттықтырғышы” технологиясының арқасында 3 тілде білім алды.
- Құрылғылар енгізілгеннен кейін қосымша ауруы жоқ пайдаланушылар (араларында 90%-ға жуығы зағип) тиімділікті арттырудың келесі нәтижелеріне қол жеткізді:
 - цифрлар, таңбалар және әріптерді табу және тану қабілеті 77.5%-ға артты.
 - әріптерді үш тілде есте сақтау 70%-ға жақсарды;
 - арифметикалық және басқа да таңбаларды тану және есте сақтау 70%-ға жақсарды;
 - Брайль жүйесі бойынша әріп, цифр және таңбаларды еске сақтау жылдамдығы 80%-ға жақсарды.
- Қосымша аурулары бар адамдар, сондай-ақ, оқу қарқыны төмен зағиптар үшін, тиімділігі қосымша аурулары жоқ пайдаланушылар тиімділігі қосындысының шамамен жартысына дейін өсті.
- Тифлопедагогтар (зағиптар педагогы) жүгі шамамен 60%-ға азайды.
- Зағиптарды жұмысқа орналастыру мүмкіндігі 50%-ға артты.

Қорытынды: аппарат үйренушілердің оқу дағдыларын тезірек меңгеруіне ықпал етеді, тифлопедагог жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар, нашар көретін пайдаланушылар үшін оқу мен жазуды меңгеру үрдісін жеңілдетеді және жеделдетеді. Құрылғыларды енгізу және пайдалану нәтижелері қосымша аурулары бар зағип пайдаланушыларды да оқуға үйретуде өз тиімділігін көрсетті.

Жобамен таныстыру

- «SEZUAL» командасы «Digital Bridge-2022» атты технологиялар және бизнес бойынша халықаралық форумда зағип балалар мен ересектерге арналған «Брайль жаттықтырғышы» өнертабыстарын көрсетті. «SEZUAL» МҚБ негізін қалаушы Ғалымжан Ғабдірешов ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа, сондай-ақ, ҚР денсаулық сақтау вице-министрі Бейбіт Салымұлы Есенбаевқа және ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мұсин Бағдат Батырбекұлына «Брайль жаттықтырғышы» технологиясын таныстырды. Ғалым «Брайль жаттықтырғышының» жұмыс істеу қағидасын, зағип балалар мен ересектерге пайдасын, «Теңізшевройл» ЖШС қолдауымен арнайы ұйымдардың тапсырысы бойынша құрылғылардың шығарылатыны туралы айтып берді.
- 2022 жылдың 26-қаңтарында «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі Нұрбек Еңсебаев («SEZUAL» МҚБ PR маманы, The Founder Institute американдық бизнес инкубаторының тәлімгері (Пало-Альто қ., Калифорния штаты) шақырылған спикер ретінде халықаралық Ротари клубы өкілдері алдында сөз сөйледі: <https://www.rotary.org/en> (130-дан астам елде 1,2 миллионнан астам мүшесі бар әлемдегі ең ірі коммерциялық емес ұйым). Онда ол Атыраудағы арнайы мектеп, «Теңізшевройл» ЖШС мен «SEZUAL» арасындағы ынтымақтастық, сондай-ақ, «Брайль жаттықтырғышы» өнертабысының дүние жүзіндегі зағиптардың сауаттылығын арттырудағы ықпалы туралы айтып берді.
- «SEZUAL» командасы «ТМД елдеріне арналған 100 идея» шарасында зағип балаларға арналған «Брайль жаттықтырғышы» мен «Биолокатор» өнертабыстарын ұсынды. Бұл- жастар саясаты саласындағы жалғыз кешенді шара болып табылады, оның ережелері Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан елдерінің өкілдері қатысқан ТМД Үкімет басшылары Кеңесінің шешімімен бекітілген.

- 19-ақпанда Қазақ мемлекеттік заң университетінде (ҚазМЗУ) «Инноватор ДНҚ-сы» тақырыбында сарапшылық кездесуі өтті. «SEZUAL» МҚБ негізін қалаушы Ғалымжан Ғабдірешов ҚазМЗУ профессорлары мен оқытушылар құрамы мен студенттеріне, Accelerator Founder институтының өкілдері мен жұртшылыққа «Брайль жаттықтырғышы» құрылғысының жұмыс істеу қағидалары, зағип балаларға пайдасы және «Теңізшевройл» ЖШС қолдауымен мамандандырылған ұйымдардың тапсырысы бойынша құрылғыларды жасап шығару туралы айтып берді.
- 27-қарашада Нұрбек Еңсебаев Германия мен Қазақстандағы оңалту орталықтарының (Schmieder және Dos Medicus) басшылары үшін «Брайль жаттықтырғышы» технологиясының мысалында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған экожүйені әзірлеу» тақырыбында таныстырылым өткізді.
- 4-желтоқсанда USAID, Internews, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Медиа сауаттылық үйінің қолдауымен «Қазақстанда жасалған: мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған цифрлық көмекшілер» атты онлайн-таныстырылым өтті.

Жобаның қосалқы нәтижелері

- Жұртшылықпен жұмыс және бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар арқылы зағиптар мен нашар көретіндердің мәселелері туралы адамдар көбірек хабардар бола бастады.
- Ұйымдастырылған баяндамалар мен кездесулер арқасында зағиптар мен нашар көретін жандарға көмектесуге қызығушылық танытқандар саны көбейіп келеді.
- Дүние жүзіндегі инвесторлар мен қайырымдылық ұйымдары зағиптардың білімсіздігі мәселесін шешуге қызығушылық танытуда

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

қолданылмайды

Жоба: “Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@!”

ҮЕҮ: Академик З.Қабдолов атындағы жеке қор

Қамтылған елді мекендер: онлайн жоба

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 11

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 28 455 / 479 852 (508 307)

Мақсаты: қазақ тілін білмейтін немесе нашар білетіндер үшін тұлғаларға, әсіресе еліміздегі этнос өкілдеріне мемлекеттік тілді оқыту, дәріптеу және насихаттау.

Жоба міндеттері:

- мемлекеттік тілді оқытудың тиімді және дәлелденген технологияларын енгізу;
- З.Қабдолов сайтының «Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі», «Оқу материалдары», «Поэзия мен музыка», «Қазақ халқының мақал-мәтелдері» айдарлары бойынша жаңа материалдармен толтырып, бірегей 2 тілді электронды кітаптар, бейне және аудио өнімдер шығару;
- жаңа жобаларды жүзеге асыру: “Аудио-бейне-оқулықтар” (подкастар); “Aphorisms (ағылшын - қазақ)”; «Бүгінгі күннің сөзі»; “ТҮРКІ ЖӘНЕ МЕН”;
- өндірілген өнімді әлеуметтік желілерде орналастыру.

Жобаның жинақталған сипаттамасы

- Жүзеге асыру бойынша қызметтің бастапқы онлайндық сипаты
- Ашықтық, айқындық, жалпы қолжетімділік
- Пайдаланушылар мен бенефициарлардың бұқаралық сипаты

Жоба аясындағы іс-шаралар

- 1) 2 тілде төрт электронды кітап шығару
- 2) 5 аудио подкастан тұратын «Аудио-өндіріс» жаңа жоба бағдарламасы аясында жүзеге асыру
- 3) 1-ші бейнебаянды түсіру
- 4) Оқу материалдарының сериялық шығарылымы (30 шығарылым)
- 5) «Ағылшын және қазақ тілдеріндегі афоризмдер» атты жаңа жобаның 7 шығарылымын жүзеге асыру
- 6) «ТҮРКІ ЖӘНЕ МЕН» жаңа Гранд жобаны жүзеге асыру (15 шығарылым)
- 7) «Бүгінгі күннің сөзі» жаңа Гранд жобаны жүзеге асыру (30 шығарылым)
- 8) «Бельгердің жазбалары» жаңа шағын жобаны жүзеге асыру (25 шығарылым)
- 9) Жобаның айдарларын әзірлеу және толтыру –«Өлеңдер мен әндер» және т.б.
- 10) Facebook парақшасындағы “K@Z@KSH@ S@YR@!” тобының жұмысы.
- 11) Жарияланымдар – 580.

Жоба нәтижелері

- 1) Аудио подкастар көру қабілеті нашар немесе мүлде жоқ пайдаланушылар арасында танымал болды. Олар қазақтың поэтикалық мақал-мәтелдерін 2 тілде тыңдап, дүниетаным, этика және эстетика туралы терең білім алуға мүмкіндік алды.
- 2) Жоба халықаралық мәртебеге кеңінен ие болды: сайт есептегіші бойынша 2022 жылы 20 шет елден 17 500 адамның жобаны пайдаланғаны белгілі болды.
- 3) Бірегей электронды кітаптарды шығару және екі тілді кітаптардың электронды кітапханасын (ЕКЭК) құру.
- 4) Жоба бенефициарлар санының өсуі.

Жоба серіктестері:

- «Алшы» әдеби-тарихи мәдени қоры.
- “ANIMA BOOK” анимация студиясы, басшысы Артур Краус қор сайтында қазақ тіліндегі мультфильмдер топтамасын тегін орналастыруға рұқсат берді.
- 2 тілде әңгімелер жинағын жазып, жобаға үлес қосқан белгілі ҚР жазушысы, ақын Райхан Алдабергенова.

- Қазақстан мен Әзірбайжанға белгілі режиссер және сценарист Аждар Гаджиев.
- Әзірбайжанның талантты суретшісі, дизайнер және кітап графикасы маманы Мария Кель электронды кітаптардың дизайнын жасауға елеулі үлес қосуда.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

Аталған бағдарлама ұзақ мерзімді “K@Z@KSH@ S@YR@” бағдарламасының жалғасы болғандықтан, оны жүзеге асыру орындаушылар үшін, қажырлы еңбекті қажет ететін энергия шығындары мен жеке тапсырмаларды орындауға уақыт қажеттігін санамағанда, ерекше қиындықтар туғызбайды. Өйткені онда алдыңғы жылдардың бүкіл тәжірибе қоры, білімі мен дағдылары қолданылады. Жиналған тәжірибе жай ғана автоматты түрде қолданылған жоқ, жаңа шығармашылық идеялардың, ықпалды күшейтудің және мақсатқа жетудің жаңа әдістерін енгізудің арқасында айтарлықтай толықтырылды.

Жоба: Монтессори орталығының ашылуы

ҮЕҰ: «Ой-Сана» психологтар қоғамдық бірлестігі

Қамтылған елді мекендер: Құлсары қаласы.

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 2

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 200

Мақсаты: «Монтессори» арнайы білім беру орталығын ашу арқылы ерекше қажеттіліктері бар 200 балаға арнайы дайындық пен білім беруді (тегін білім беру, әлеуметтік өмірге бейімдеу, өзін-өзі дамыту, түзетуге жаңа мүмкіндіктер беру) қамтамасыз ету.

– Жоба аясындағы іс-шаралар

- «Монтессори» орталығында барлығы 200 бала оқыды. Оның ішінде 160 бала түзету, 40 бала оңалту бағыттарында оқыды.
- Түзету бағытындағы 160 бала келесі топтарғы бөлінеді:
 - Психовербальды дамудың кешігуі (ПДҚ), сөйлеу дамуының кешігуі (СДК) және Даун синдромы диагноздары бар 110 бала
 - «Ана мен бала» тобы - 50 бала әлеуметтену мақсатында келеді (бұл балалар үйде оқиды, күрделі психикалық ақаулары бар, күрделі аутизм, ауыр сал ауруы, инфаркт, эпилепсия, бұлардың мектепте оқуына рұқсаты жоқ, орта білімі жоқ, әлеуметтендіруге мұқтаж).
- оңалту бағытындағы 40 балада мынадай диагноздар бар: 15 балада артикуляциялық қозғалыс аппараты бұзылған, 25 бала сал ауруымен ауырады.

Жоба нәтижелері.

- Түзету топтарында психикалық танымдық үрдістердің дамуы 20%-ға артты, яғни есте сақтау, ойлау, сөйлеу, көру, иіс сезу, қабылдау, денсаулық жағдайы жақсара бастады; моториканы дамыту 15%-ға артты;
- «Ана мен бала» тобындағы әлеуметтендіру деңгейі 60%-ға жетіп, балалардың ортаға бейімделуі артты, олар күнделікті өмірде өзіне күтім жасай алады, өздігінше киініп, басқа балалармен араласа бастады.
- Түзету тобындағы 10 бала комиссиядан өтіп, мектепке барды.
- Оңалту топтарында кейбір әріптерді айта алмайтын немесе дыбысын шығара алмайтын балалар әріптерді және алғашқы сөздердің дыбысын шығарып, айта бастады.
- Сал ауруына шалдыққан 25 балада қимыл аппараты 11%-ға жақсарды. Бұл балалар орталыққа келген кезде олар өте нашар қимылдайтын, заттарды қолына ұстай алмайтын, ал жыл соңына қарай айтарлықтай өзгеріс байқалды.
- Монтессори орталығы ТШО қаржыландыруы аяқталғаннан кейін өздігінше жұмыс істеуді жалғастыруда. Бюджет қаражатынан тегін қызмет көрсету жоспарлануда.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

- Бенефициарлардың ата-аналарының айтуынша, жобада ата-аналармен байланыс менеджері жетіспеді. Әлеуметтік желідегі ақпарат бәріне жете бермеді, арнайы ақпарат беруші керек болды.
- Бұл ҮЕҰ-ның алғашқы ірі жобасы болғандықтан, жобаны ұйымдастыру мен жүргізуде біршама қиындықтар болды. Сонымен қатар, үйлестіруші және СММ маманына қажеттілік байқалды.

Азаматтық қоғамды дамыту

Жоба: Жылыой ауданы мен Боранқұл ауылындағы(Маңғыстау облысы) қоғамдық кеңістіктер

ҮЕҰ: «Орталық Азияның Еуразия Қоры» корпоративтік қоры

Қамтылған елді мекендер: Жылыой ауданы (Құлсары қ. және Ақкиізтоғай ауылы, Жаңа Қаратон кенті, Қосшағыл ауылы, Майкөмген ауылы, Тұрғызба ауылы, Шоқпартоғай ауылы), Боранқұл ауылы(Маңғыстау облысы).

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 32

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 502 / 8 910 (9 412)

Мақсаты: жергілікті қауымдастықтар қоғамдық кеңістіктерді жақсартуға және жергілікті мәселелерді шешуге анағұрлым белсендірек араласуда.

Міндеттері:

- Жергілікті тұрғындардың қоғамдық кеңістіктерді жетілдіруі ауыл өмірін жақсартады
- Жергілікті тұрғындар елді мекендерді дамытуға жауапкершілік алады

Жоба аясындағы іс-шаралар

- «Жобаны әзірлеу және басқару бойынша оқытуға» (PDM) 8 елді мекеннен барлығы 195 жергілікті тұрғын, оған қоса жергілікті атқарушы органдар қатысты.
- Шағын жобалар:
 - Өтінімдер саны – 74
 - Грант алған шағын жобалар саны – 34 (Жылыой ауданы – 29, Боранқұл ауылы – 5)
 - Аяқталған шағын жобалар саны – 32 (Жылыой ауданы – 27, Боранқұл ауылы – 5)
- 2022 жылы аяқталған шағын жобалар.
 - балалар ойын алаңы – 14, спорт алаңдары – 8, әртүрлі қоғамдық шаралар немесе мерекелер үшін жазғы сахналар – 3, футбол алаңдары – 2, баскетбол алаңдары – 1, реновация саябағы – 1, автобус аялдамасы – 1, көп пәтерлі үйлердің кіреберістерін жөндеу – 1, көшелерді жарықтандыру – 1.
 - Ақкиізтоғай ауылы – 1, Жаңа Қаратон кенті – 3, Қосшағыл ауылы – 3, Тұрғызба ауылы – 6, Шоқпартоғай ауылы – 5, Құлсары қаласы – 9, Боранқұл ауылы – 5.
- Жобаға қатысушылар саны – 502.
- Коммуникациялар: 103

Жоба нәтижелері

Осы жылы жоба өз күшімен жергілікті қоғамдастықтарды 150-ден астам қоғамдық кеңістікті дамытуда қолдау көрсеткені үшін, «Қоғамдық жұмыс үшін марапат-2022» (шағын компаниялар/ҮЕҰ) номинациясы бойынша, «AmCham Community Service Award» марапатын алды.

1-нәтиже. Жергілікті тұрғындардың қоғамдық кеңістіктерді жетілдіруі ауыл өмірін жақсартты

- Жобаға қатысушылар 32 шағын жобаны сәтті аяқтады.
- 8 910 бенефициар жаңа қоғамдық кеңістікті пайдалануды.
- 2 жоба аяқталмады және қосымша қаржы бөлінбестен келесі жылға қалдырылды.
- Өткен жылмен салыстырғанда:
 - қатысушылардың ынтасы жоғары, көпшілігі жаңадан келгендер және мұндай жобаларға алғаш рет қатысуда.
 - негізінен, шағын жобалардың жетекшілері- белсенді жастар.
 - шағын жобалар ауылдардың әртүрлі аумағын қамтиды, бұл жергілікті қауымдастық мүшелерінің бұрынғы қатысушылар тәжірибесін зерттеп, жобаға біртіндеп қосылып жатқанын білдіреді.
 - жергілікті тұрғындардың хабардарлығы артып келеді, олар мұның нәтижесін көріп отыр және олар жылдар бойы әкімдіктің көмегін күтпей-ақ, өз күштерімен қоғамдық кеңістіктерді жақсартып, жаңарта алады.

- жергілікті қамтушылар айтарлықтай жеңілдіктер жасады, кейбіреулері сатып алынған жабдықтарды тегін жеткізіп берді.
- 2-нәтиже. Жергілікті тұрғындар елді мекендерді дамыту жауапкершілігін қабылдады
- жаңа шағын жобалардың жас көшбасшылары жаңа идеялар мен тәсілдермен қоғамдастықтың дамуына белсене қатысуға дайын.
 - көшбасшылар әлеуметтік жобаларға қатысу арқылы қоғамдастықты дамытудағы өз рөлін түсінеді және жауапкершілікті арттыра түсуде.
 - ресурстар, сондай-ақ қолма-қол ақша түріндегі жобаларға қауымдастық салымдары артты.
 - бастамашыл топтар ұйымшыл және өз нысандарының сапасына мән береді.
 - шағын жоба іс-шаралары аясында жергілікті билік органдарымен жақсы қарым-қатынас орнады.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

1. Жоба жабдықтарының, материалдардың және сатып алынатын басқа да қажетті ресурстар бағасының өсуі. Мәселенің шешімі ретінде жоба үшін аса маңызды емес құрал-жабдықтар мен басқа да заттар мөлшерін азайту ұсынылды. Кейбір жобалар жобаларының бюджеті аз болғандықтан, қосымша қаржымен қамтылды. Келесі жылы алынған сабақ ретінде осындай мәселелерді болдырмау үшін, шағын жобаларға бөлінетін гранттардың көлемін арттыру, сонымен қатар, қосымша қаржыландыру үшін бюджетке қосымша ақша салу ұсынылды.
2. Тағы бір мәселе, ол- әкімдердің ынтықсыздығы. Мәселен, Майкөмген ауылының әкімі жобаға ешқандай қызығушылық танытпады және бағдарламаның басты идеясын түсінбеді, ол тек көбірек гранттар алғысы келеді, бірақ жергілікті белсенді топтармен ешқандай диалог жүргізбейді. Биыл Майкөмген ауылына гранттар бөлінбеді, өйткені байқауға ұсыныстар тек әкімнің тапсырмасы бойынша ғана жазылған. Комитет олардың ешқайсысын мақұлдаған жоқ.
3. Екі жоба әлі жүзеге асу үстінде. Жоба жетекшілерінен ресми түсіндірме хаттар алынды, алдағы жылы жобаларды аяқтау жоспарланып отыр.
 - a. “Babycity” - Тұрғызба ауылындағы ескі ойын алаңын қайта жаңғырту. Қамтушы ойын алаңы жабдықтарын уақтылы жеткізбеді. Қазіргі уақытта қамтушының грант алушыға қаржыны қайтаруға міндеттенгені туралы кепілдік хаты бар, ал жоба жетекшісі жұмыстарды 2023 жылы жалғастыруға дайын.
 - b. Жаңа Қаратон ауылындағы “Памп-трек велосипед алаңы”. Жоба жетекшісі топырақты жеткізу жұмыстарын аяқтады, қазір олар алаңды ң тегістеу бойынша маманмен басты жұмысты күтуде.

Жоба: Атырау қаласындағы қоғамдық кеңістіктер

ҮЕҰ: “Орталық Азияның Еуразия Қоры” корпоративтік қоры

Қамтылған елді мекендер: Атырау қаласы.

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 30

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 585 / 8 130 (8 715)

Мақсаты: жергілікті қоғамдастықтар жергілікті билік органдарымен бірлесіп жергілікті мәселелерді шешуге ат салысты.

Міндеттері:

- Атырау қаласы тұрғындары ашылған/жақсартылған қоғамдық кеңістіктерді пайдаланады.
- Оқудан өткен жергілікті қауымдастықтың бастамашыл топтары қауымдастықтың мәселелерін кеңірек шешу үшін жергілікті органдармен ынтымақтастықты жақсартты

Жоба аясындағы іс-шаралар

- Атырау қаласының 113 тұрғыны «Жобаны әзірлеу және басқару оқуларына» (PDM) қатысты.
- Шағын жобалар:
 - Өтінімдер саны – 38
 - Грант алған шағын жобалар - 32
 - Аяқталған шағын жобалар - 30
- 2022 жылы аяқталған шағын жобалар.
 - балалар ойын алаңы – 19, спорт алаңдары – 5, балаларға арналған шағын футбол алаңдары – 2, демалыс саябақтары – 2, көшелерді жарықтандыру – 1, жағажайға апаратын баспалдақтар – 1.
- Шағын жобаларға қатысқандар - 585.
- Коммуникация: 89

Жоба нәтижелері

Биыл 150-ден астам қоғамдық кеңістікті дамытуда жергілікті қоғамдастықтарға өз күштерімен қолдау көрсеткені үшін, жоба «Қоғамдық жұмыстары үшін марапат-2022» (шағын компаниялар/ҮЕҰ) номинациясы бойынша “AmCham Community Service Award сыйлығына ие болды..

1-нәтиже. Атырау қаласы тұрғындары құрылған/жақсартылған қоғамдық кеңістіктерді пайдалануда.

- Жобаға қатысушылар 30 шағын жобаны сәтті аяқтады.
- 8 130 бенефициар жаңа қоғамдық кеңістіктерді қазірдің өзінде пайдалануда.
- Шағын жобалардың 30 жетекшісі өздерінің көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін үлкен ынтымақпен көрсетіп, табысты нәтижеге қол жеткізді.
- Жергілікті белсенділер әлеуметтік қауымдастық жобаларын жоспарлау және басқару бойынша жаңа дағдылар мен білім алды, сондай-ақ жоба бюджетін әзірлеуді үйренді.
- Жылыой ауданындағы жобаға қатысушылармен салыстырғанда бірінші жылы Атырау қаласы тұрғындарының ынтымақ жасауы жоғары болды. Олар өмір сүру ортасын өз беттерімен жақсартуға асқан қызығушылық танытты. ҮЕҰ алғашқы пилоттық жылындағы гранттар байқауына осыншама көп ұсыныс түседі деп күтпеген еді.
- Бюджет жетіспеушілігі мен күтпеген жағдайлар салдарынан жыл соңына дейін жобаларды аяқтауға кедергі келгендіктен екі жобаның жүзеге асуы әлі жалғасуда. Жоба жетекшілерінен ресми түсіндірме хаттар алынды, алдағы жылы жобаларды аяқтау жоспарланып отыр.

2-нәтиже. Оқудан өткен жергілікті қауымдастықтың бастамашыл топтары қауымдастықтың мәселелерін кеңірек шешу үшін жергілікті органдармен ынтымақтастықты жақсартты

- Қала әкімдігі тарапынан жобалық іс-шараларға қолдау көрсетіліп, көмек көрсетілді (тұрғындардың тізімі ұсынылды, жоба оқуларын өткізуге орын тегін берілді, балалардың ойын және спорт алаңдарын салу

үшін алаң аймақтарын пайдалануға рұқсат алуға көмектесті, топырақпен, қиыршық таспен көмектесті және т.б.)

- Жергілікті белсенділер (жобаға қатысушылар) жобалық іс-шараларды жүзеге асыру барысында жергілікті билік органдарымен диалогты жақсартып, жақсы ынтымақтастық орнатты. ҮЕҰ мұның ұзақ мерзімді нәтиже әкелетініне үмітті, өйткені жергілікті билік жергілікті бастамашыл топтармен және ынталы басшылармен бірлесіп жергілікті тұрғындардың өмірін жақсарту бойынша басқа да талқылаулар мен өзара жобаларға ашық.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

1. Шағын жобаларды қосымша қаржыландыру қажеттігі төмендегілерге байланысты басты мәселе болды:
 - a. Жоба жабдықтарына, материалдарға және сатып алынатын басқа да қажетті ресурстарға баға ның өсуі. Мәселені шешуде жоба үшін аса маңызды емес құрал-жабдықтар мен басқа да заттар мөлшерін азайту ұсынылды. Кейбір жобаларға өз жобаларының бюджеті аз болғандықтан қосымша қаржы бөлінді. Келесі жылы алынған сабақ ретінде осындай мәселелерді болдырмау үшін шағын жобаларға бөлінетін гранттардың көлемін арттыру, сонымен қатар, қосымша қаржыландыру үшін бюджетке қосымша ақша салу ұсынылды.
 - b. Жергілікті әкімдік жобаның басында шағын жобаларға ойын алаңдарының іргетасын қалау үшін қиыршық тас пен құммен көмектесеміз деп уәде еткен, бірақ ойын алаңдарының соншалықты көп болатынын күтпегендіктен қажетті мөлшерде қамтамасыз ете алмады. Соның салдарынан көптеген жобаларда қиыршық тас пен құмның ақшасы бюджетке енгізілмей, ТШО-ның рұқсатымен осы қажеттіліктерге қосымша қаржы бөлінді.
2. Бюджеттің тапшылығы мен күтпеген жағдайлардың туындауы екі жобаның жыл соңына дейін аяқталуына кедергі келтірді. Қазір жоба жұмыстары жалғасуда. Жоба жетекшілерінен ресми түрде түсіндірме хаттар алынды, жобаларды алдағы жылы аяқтау жоспарланып отыр.
 - a. Тасқаладағы мерейтойлық сахна: 3 000 000 теңге көлеміндегі грант сахна салу үшін тіркелген жергілікті “Қазақстанның жаңа ұрпағы” қоғамдық ұйымына тапсырылды.
 - b. Бау-бақша аймақтарын суаруға арналған суару жүйесі. Жоба жетекшісі ұсыныс жасағанда бағалар басқа болды. Жергілікті қоғамдастық жобаға 1 000 000 теңге көлемінде өз үлестерін қосты, алайда, жабдықты орнату және жобаны аяқтау үшін әлі де 1 000 000 теңгеден астам қаражат қажет. Қазір олар қосымша қаражат жинауда.

Жоба: «Алғыр» ҮЕҰ мектебі

ҮЕҰ: “Орталық Азияның Еуразия Қоры” корпоративті Қоры

Қамтылған елді мекендер: Атырау қаласы мен Жылыой ауданы

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 3

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 83 / 1 760 (1 843)

Мақсаты Оқыту және тәжірибе алмасу арқылы жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік мәселелерін шешуде және азаматтық қоғам құруда Атырау облысындағы ҮЕҰ-дың әлеуетін арттыру. Ауылдық үкіметтік емес ұйымдарға назар аудару.

Міндеттері:

1. Тәжірибе алмасу және гранттар арқылы өңірдегі ҮЕҰ-дың институционалдық даму көрсеткіштерін жақсарту.
2. Жергілікті нұсқаушылар ауылдық ҮЕҰ-ды оқытуға мүмкіндік алды.

Жоба аясындағы іс- шаралар:

- Қоғамдастықты бағдарламаның басталғаны туралы хабардар ету және қатысушыларды жұмылдыру үшін, 6 аудан әкімдігімен, КЕҰ және жергілікті белсенділермен кездесулер өткізілді. Сондай-ақ, Атырау облысы мен аудандарының азаматтық орталықтары мен ішкі саясат басқармаларының ресурстары арқылы ақпарат тарату ұйымдастырылды. Атырау және Құлсары қалаларында КЕҰ және бастамашыл топтармен бөлек кездесулер өтті. Кездесулер және ақпарат тарату көмегімен барлығы 570 адам қамтылды.
- 21 КЕҰ келесі тақырыптар бойынша оқытылды: қаржылық менеджмент; жобаны басқару; қаражат жинау және бенефициарларды тарту; адам ресурстарын басқару; жеке тұлға мен ұйым үшін миссия; көзқарас және мақсат; оқыту әдістемесінің құралдары; тиімді қызмет көрсету. Оқу тақырыптары бойынша білім деңгейінің орташа өсімі 37%-ды құрады.
- Жобаның барлық қатысушылары оқу және тапсырмалар материалдары, үлгілер мен вебинарлар жүктелген Google Classroom платформасына кіру мүмкіндігіне ие болды. Қаржы және құқықтық мәселелер бойынша вебинарлар өткен жылғы жазбалардан берілді.
- Екі ТЖ өткізіліп, сабақ беретін және болашақ 32 жаттықтырушы оқудан өтті, оның 10-ы облыс аудандарынан. Алты жаттықтырушы жылды анағұрлым сәтті аяқтады, олар тәжірибелі жаттықтырушылармен сынақтық оқулар және КЕҰ, БК және университет студенттері үшін жеке оқулар өткізді.
- Сондай-ақ, 2022 жылы ОАЕҚ бағдарламасының үйлестірушісі болып жұмыс істеген аймақтық КЕҰ-ның 3 көшбасшысы «Жобаларды басқару» тақырыбы бойынша оқудан өтті. Осылайша «Теңізшевройл» ЖШС жергілікті КЕҰ серіктестерінің күш-жігерін арттырды.
- Арнайы оқудан өткен жаттықтырушылардың 50%-ы алған білімдерін қолданып, оқуларын сәтті өткізуді бастады.
- Аудандарда “Әлеуметтік жобалар үшін идеяларды қалыптастыру” тақырыбында үш бейімдеу шарасы (фасилитация) өткізіліп, оған 59 ауыл тұрғыны қатысты. Бейімдеу шарасы ауыл тұрғындары үшін де, жаңадан келген жаттықтырушылар үшін де пайдалы болды, олар ауылдардың мәселелерімен, белсенділермен танысуға мүмкіндік алды.
- Жобаның 2021 жылғы үздік түлектері – 11 КЕҰ Алматы, Астана, Ақтау, Мәскеу және Санкт-Петербург қалаларында өз бағыттары бойынша тағылымдама мен оқудан өтті.
- 2023 жылдың 9-желтоқсанында 100 адамның басын қосқан бірлескен форматта ОАЕҚ-ның екі бағдарламасы – «Жарқыра» мен «Алғырдың» «Құрылтай» есеп беру шарасы өтті. Мұндай формат оң нәтижелер береді – ұйымдар арасындағы желілік байланыс жақсарып, бірлескен кәсіпорындар мен КЕҰ арасында жаңа бірлескен бастамалар дүниеге келеді. «Құрылтайдың» күн тәртібінде атқарылған жұмыстар туралы есеп, шығармашылық қойылымдар, бенефициарлардың сөз сөйлеуі, Ерлан Мұстафиннің «Дағдарыс жағдайындағы өзгерістерді басқару» тақырыбындағы шеберлік сабағы қамтылды.
- Коммуникация: Әлеуметтік желілерде, теледидар мен БАҚ-та 265 мақалама мен сюжеттер жарық көрді.

Жоба нәтижелері

- Жобаны сәтті аяқтаған 21 КЕҰ-ның 10-ы ауылдық КЕҰ қаржыландыруға белсенді түрде өтінім берді, барлығы 53 жоба ұсынылды. Байқаулардың нәтижесінде 6 КЕҰ 17 жаңа жобаға қаржы тартты. Ал, бұл алдындағы нәтижелермен салыстырғанда берілген өтінімдер саны мен ұтып алынған жобалар санынан үш есеге артық.
- Бағдарлама аясында КЕҰ-ның тағы бір маңызды жетістігі – жаттықтырушының әлеуетін дамыту.

- Жоба аясында 6 автордан тұратын топ «Фандрайзинг. Қаржыны қалай тауып, әлеуметтік жобаларға көмектесуге болады?» атты 2 тілдегі нұсқаулық шығарды. Авторлардың қатарында: ОАЕҚ-ның жобалар және даму бөлімінің қызметкерлері, – краудфандинг маманы Азиза Сүлейменова, сондай-ақ, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының (АБҚО – ҚР мемлекеттік гранттарының бас операторы) қызметкерлері болды.. ҚР КЕҰ-лары осы нұсқаулыққа тегін қол жеткізе алады.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

- КЕҰ арасындағы бір деңгейдегі байланыстарды нығайту түрінде оң нәтижелерді ТЖ берді. Осылайша, 2021 жылы ТЖ -дан өткен КЕҰ 2022 жылғы КЕҰ-ға кеңес беріп, өз тақырыптары бойынша оқулар жүргізе бастады.
- Ауылдық КЕҰ үшін мемлекеттік гранттар жүйесінде арнайы қаржыландыру желісі қарастырылмаған және бұл олардың тұрақтылығы мен қолжетімділігін айтарлықтай төмендетеді.

Жоба: «Ынтымақ» қауымдастықты дамыту бағдарламасы

ҮЕҰ: «Ынтымақ Атырау» ҮЕҰ

Қамтылған елді мекендер: Атырау қаласы және Жылыой ауданы

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 9

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 1 600

Мақсаты ТШО-дағы корпоративтік еріктілік және әлеуметтік жауапкершілікті дамыту және жүзеге асыру

Міндеттері:

1. Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін еріктілік және қайырымдылық шараларына жұмылдыру арқылы корпоративтік мәдениетті нығайту.
2. Халықаралық тәжірибені жинақтау, жергілікті қоғамдастықпен танысу, жеке тиімділік дағдыларын нығайту және дамыту, жобаны басқару, командалық жұмысты нығайту және бірлескен еріктілер жұмысы мен эмоционалды және мәдениетаралық тәжірибе негізінде қатысушылардың біліктілігін дамыту, арқылы ТШО қызметкерлерінің адалдығын арттыру.
3. Еріктілік қызметтің негізгі өмір құндылықтарымен байланысы есебінен қызметкерлердің психологиялық жайлылығын және эмоционалды қанағаттануын нығайту: эмпатия, адамдарға және табиғатқа көмектесу, отбасылық байланыстарды, достықты, әлеуметтік жауапкершілікті нығайту.
4. ТШО-ның әлеуметтік жауапты ұйым ретіндегі беделін нығайту.
5. Төрт бағыт бойынша жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыру арқылы Атырау және Құлсары қалаларының әлеуметтік жағдайын жақсарту:
 - ✓ Білім беру жобалары
 - ✓ Әлеуметтік жобалар
 - ✓ Экологиялық жобалар
 - ✓ Қайырымдылық жобалары

Іс-шаралар және жоба нәтижелері

English Club

- English Club жобасы аясында жобаға ағылшын тілінді(ТШО қызметкерлері)еріктілермен аптасына екі рет кездесулер өткізілді. English Club Кездесулер АРЕС колледжінің базасында алдын ала іріктеуден өткен осы колледж студенттері үшін ұйымдастырылды.
- АРЕС колледжінің 35 студентінен тұратын оқу тобы құрылды. 41 оқу өткізілді.

Шақырылған қонақтар ұсынған дәрістер

- АРЕС және Жастар үйі базасында «Тәжірибеге қалай қол жетеді?», «Қаржылық сауаттылық», «Коммуникация дағдылары», «Көшбасшы жолы», «Күйзеліске төзімділік», «Жұмысқа тұруға арналған сұхбат: сәтті өту мүмкіндігін арттыру», т.б.
- Құлсары қаласында С.Өтебаев және Т.Байсырымов атындағы колледждер базасында 3 дәріс өткізілді. «Мансаптық өсу, жетістіктер», «Мансап құруда ағылшын тілі мен АТ құралдарының маңыздылығы», «Кәсіби және өмірлік тәжірибе.

Бейімдеу орталығынасапар, Атырау қаласы

- Жоба аясында айына бір рет орталықтың тәрбиеленушілері мен еріктілер арасында кездесулер өткізілді. Жылы мезгілде балалармен кездесулер ұйымдастырып, бейімдеу орталығының ауласында еріктілер балалармен спорттық ойындар ойнады. Соңдай-ақ,еріктілер орталықта балалармен бірге сурет салып, үстел ойындары (шахмат), пластилиннен мүсіндеу және т.б. жасады. Қорытынды кездесуде бейімдеу орталығының балаларына еріктілер сыйлықтар, қысқы аяқ киімдер, жылы күртелер, көрпелер мен тәттілерді табыс етті.

«Шаңырақ» отбасы үлгісіндегі балалар ауылында кәсіби бағдар беру

- 15-16 жас аралығындағы 13 баладан тұратын оқыту тобы құрылды.
- 5 сабақ және қорытындысы бойынша кездесу өтті.

«Шаңырақ» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы тұрғындарына арналған іс-шаралар

- Балалар үйінің тәрбиеленушілерімен кездесулер өткізілді, оның барысында таза ауада ойындар ұйымдастырылды, балалар ТШО «Достық» қалашығындағы мектепке шақырылып, американдық ойын түрлерімен танысты.

–

Құлсары қаласындағы қолөнер үйірмесі

- Жоба аясында туа біткен диагнозына байланысты мектепке бармайтын, үйде отырған балалар үшін аптасына екі рет қолөнер үйірмесі өткізілді.
- Балалар ұсақ қол моторикасын дамытты, әртүрлі ойындар ойнады.
- Ата-аналар балаларының еріктілермен бірге жақсы және олардың қалтасы көтермейтін қажетті ойыншықтармен ақысыз сабақ алатынына қуанды.

Құлсары қаласында өткен «Балаларды қорғау күні»

- Жылыой ауданының 100 баласына сыйлықтар табыс етілді, сондай-ақ, еріктілер құрамындағы әйелдер қауымы қосымша сыйлықтар сатып алып, балаларға тарту етті.

Құлсары қаласындағы «Мектепке жол» бағдарламасы.

- Жылыой ауданындағы көп балалы және күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан 400 мүмкіндігі шектеулі балалар үшін еріктілер есебінен оқу құралдары салынған рюкзактар әзірленді.

Жылыой ауданы үшін азық-түлік себеттері

- Жылыой ауданының әлеуметтік осал топтары қатарындағы 200 отбасыға азық-түлік сатып алуға «Лидер» сауда үйінің 25 000 теңгелік сертификаттары табыс етілді. Сертификаттар еріктілердің қаражатына сатып алынды.
- Құлсары қаласындағы пішу және тігін курстары
- Жылыой ауданы тұрғындарының әлеуметтік осал топтарынан шыққан 20 жұмыссыз әйелге пішу және тігін курстары ұйымдастырылды. Бір ай ішінде олар тігін машиналарында жұмыс істеудің қыр-сыры мен киім тігудің түрлі шешімдерін үйренді. Енді олар өздеріне және отбасыларына ғана емес, үйде отырып-ақ киім тігіп, тапсырыс қабылдап, сол арқылы табыс табатын болады.

Театрға билеттер

- Еріктілер есебінен Атырау драма театры қойылымындағы балалар мюзикліне Атырау қаласындағы мектеп-интернаттардың, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының, «Шаңырақ» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының, сондай-ақ «Достық» американдық мектебінің 500 баласы барды.

DEFACTO – Жастар үйінің тәрбиеленушілеріне киім сатып алу

- Жастар үйінің 26 тәрбиеленушісі әрқайсысы 35 000 теңге тұратын қысқы киім алуға мүмкіндік алды. Еріктілер балаларға киім таңдауға көмектесті.

Атырау қаласындағы Қарттар мен мүгедектер үйіне арналған іс-шаралар

- 31-қазанда Қарттар күніне арналған іс-шара өтті, клуб қатысушыларының және «Достық» мектебінің (ТШО ауылы) оқушылары күшімен есту қабілеті нашар адамдар үшін концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Бенефициарларға да сыйлықтар табыс етілді.

Экологиялық жоба

- Бірінші жартыжылдықта Атырау қаласы, «Самал» ықшамауданы аумағындағы 1 гектар жерге 825 түп көшет отырғызылды:
 - кәдімгі шаған, күл жапырақты үйеңкі, қауырсын бұтақты шегіршін – қарағаш
- «Самал» ықшамауданындағы жалпы ауданы 2 га (көшеттер 2021 жылдың күзінде және 2022 жылдың көктемінде отырғызылған) 2 аймақта суару жұмыстары жүргізілді.
- Аталған аймақтардағы топырақтың тұздылығынан кейбір көшеттер тамыр алмады, олар қажетіне қарай алмастырылды.
- Екінші жартыжылдықта Махамбет және Баймұқанов көшелерінің бойына 700 түп көшет отырғызылды.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

- Speaking Club жобасы бойынша жүргізілген сауалнамалар арқасында жақсартылатын тұстарды анықтауға мүмкіндік туды. «Ынтымақ Атырау» үйлестірушісімен бірге үйірмелер кестесін түзетін және еріктілерді сүйемелдеумен айналысатын кураторды еріктілер тағайындады, осылайша тақырыптар қайталанбайтын болды.

- «Шаңырақ» балалар ауылы мен Жастар үйі тәрбиеленушілерінің жұмыс кестесі өте тығыз болғандықтан, барлық бала іс-шараларға қатыса алмады.
- «Шаңырақ» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы балаларына арналған іс-шаралар барысында ауа райына байланысты қиындықтар туындады.
Экологиялық жоба: 1) Жоба бойынша жұмыс тәжірибесінің арқасында 2021 жылы аталған нысандарды бақылау және тексеру үшін арнайы қызметкер жұмысқа алынды; 2) Әкімдік пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық арасындағы байланыс нашар. Жер телімдерін әкімдікке/ТҮКШ-ға қайтарудағы қиындық.

Денсаулық сақтау саласы дамыту

Жоба: Жылыой ауданында алғашқы медициналық-санитарлық қызметті және қолжетімділікті нығайту ҮЕҰ:
Қазақстан Республикасы отбасылық дәрігерлер қауымдастығы

Қамтылған елді мекендер: Жылыой ауданы
Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 5
Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 8 801 / 74 680 (83,661)

Мақсаты

Жылыой ауданында алғашқы медициналық-санитарлық қызметті және оған қолжетімділікті нығайту.

Міндеттері:

- Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетушілерге клиникалық сапаны жақсарту үшін олардың әлеуетін, мүмкіндіктерін және жауапкершілігін арттыруға көмектесу.
- Салауатты өмір салтын насихаттау және тұрғындар арасындағы аурулардың алдын алу.

Шаралар және жоба нәтижелері

- Жылыой ауданы бойынша ҚОДА (Қазақстанның отбасылық дәрігерлер ассоциациясы) дәрігерлері мен мамандары келесі бағыттар бойынша жұмыс жасады:
 - МСАҚ дәрігерлері мен медбикелерін оқыту.
 - Емханада, ауылдық мекемелерде және қоғамдық жерлерде науқастарға – науқан кезінде сауда орталықтарында 724 адамға, емханада 78 адамға тікелей кеңес берілді.
 - Салмақ жоғалту, дене шынықтыру белсенділігі, балаларды оқыту, ауру туралы хабардар ету, диета және медициналық емес араласулар бойынша әртүрлі қосалқы жобалар арқылы жалпы жұртшылықпен байланыс орнату.
 - Денсаулық сақтауға қатысты нақты шешімдерге негізделген тексерілген ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін әлеуметтік желілерге ақпараттар әзірлеу, жоба жұмыстарын жариялау және жұртшылықпен байланыс орнату .
- Ақкиізтоғай ауылдық емханасын жаңғырту жұмыстары аяқталды, нәтижесінде науқастарға арналған қолайлы күту алаңы, балалар ойын алаңы, қабылдау бөлмесі, көрнекі құралдары, дәретханалары (оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар науқастар үшін), тексеру бөлмелері, қызметкерлерге арналған жұмыс орындары, кіші ас үйі, тазалық және екпелерді сақтау бөлмесі бар толықтай жұмыс істейтін және жабдықталған ауылдық емхана құрылды. Жұмыстарды орындауға жергілікті мердігер жұмылдырылғанын және материалдардың басым бөлігі Атырау облысынан сатып алынғанын айта кету керек.
- Медициналық қызметкерлер тиімді жұмыс істеуге қажетті негізгі материалдармен және заттармен (бетперде, қолғаптар, антисептиктер, қан қысымын өлшейтін құралдар, ЖҚҚ, бірыңғай формалы киімдер, ноутбуктер, жиһаздар және т.б.) жабдықталды.
- Өткізілген оқу курстары:
 - Артериялық гипертензия, қант диабеті және жұқпалы аурулар, антибиотиктерді қолдану мәселелері бойынша 100-ден астам дәрігерлер мен медбикелерге арналған 12 клиникалық семинар;
 - Шалғай ауылдардан келген 12 ауыл дәрігері үшін тіршілікті қамтамасыз ету (BLS) мәселелері бойынша сертификатталған базалық дайындық;
 - Медбикелерге арналған гипертония және қант диабетін басқару бойынша 50 медбикені қамтыған 5 күндік оқу;
 - Жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Құлсары қаласындағы 34 медбике үшін тез теру курстары;
- Жылыой ауданынан 9 дәрігер (және 20 медбике) мен 114 науқастың (42 ер адам, 72 әйел) қатысуымен денсаулықтың негізгі көрсеткіштері бойынша мониторинг пен бағалау аяқталды:
 - зерттеу барысында (2022 жылғы сәуірден қарашаға дейін) жалпы тәжірибелік дәрігерлерден көмек алған гипертониялық және қант диабетімен ауыратын науқастар статистикалық тұрғыдан біршама төмендегенін (систолалық және диастолалық), HbA1c мөлшері, аш қарын гликемиясы, салмақ пен ДМИ көрсеткіштерінің төмендегенін көрсетті.
 - Барлық пәндер бойынша медицина қызметкерлерінің білім деңгейінің орташа өсімі шамамен 37%-ды құрады, бұл жақсы ілгерілеушілік және оқытудың олардың түсінігі мен дағдыларын жетілдіруде сәтті өткенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде науқасқа күтім көрсетуді жақсартуға, анағұрлым нақты диагноз қоюға және емдеу нәтижелерін жақсартуға әкеледі.

- “Smart Health” бағдарламасы:
 - 2022 жылы 20 науқастың жартысы салмағын айтарлықтай жоғалтты, алаңдаушылық сезімі азайды, ұйқылары жақсарды, гипертония бақылауға алынды, физикалық белсенділік жоғарылады және өмірлік маңызды көрсеткіштерді бақылау әдеті қалыптасты.
 - Ең шабыттандыратын оқиға Жылыой ауданындағы ауылдың 42 жастағы қатысушысы, 8 баланың анасы (оның бірі ауыр науқас), ресурстары мен дұрыс тамақтану мүмкіндігі шектеулі адамның басынан өткен. Ол жобаға созылмалы шаршау, ұйқысыздық, және бақыланбайтын аштық сезімімен қосылды. Жобаға қатысудың арқасында ол тоғыз айда 10 келіге арықтады.
- Екі резидент (біреуі Семей қаласынан, екіншісі Қостанай қаласынан) есепті кезеңінде Құлсары қаласындағы емханада алты апталық тағылымдамадан өтті, онда олар ҚОДА нұсқаушыларымен жұмыс істеуге мүмкіндік алды: дәрігерлер мен медбикелер үшін клиникалық оқытуды ұйымдастыруға көмектесті; көпшілікке арналған ҚОДА іс-шараларына белсене қатысты; ҚОДА дәрігерлерімен бірге қиын науқастарға кеңес беруге мүмкіндік алды. Олар осы тағылымдамадан теория мен тәжірибені біріктіретін жан-жақты тәжірибе жинады.
- Денсаулық сақтауды жоспарлауды жақсарту үшін 6 ауылдың картасын жасау аяқталды;
- Жылыой ауданында 5576 оқушы оқитын 7 мектеп су сүзгілерімен қамтамасыз етілді;
- Құлсары қаласындағы үш мектептің бірінші сыныбында оқитын 698 оқушысы негізгі гигиена мен салауатты әдеттерге үйретілді;
- Құлсары қаласы мен Жылыой ауданы ауылдарына 49 мониторингтік сапар ұйымдастырылды
- Контент әзірлеу:
 - 3 әлеуметтік желі платформасы ~ 916 000 оқырманды қамтитын 336 посттан, Instagram-дағы 1365 оқиға мен 465 сұрақ-жауаптан тұрды, жалпы онлайн аудитория 70 845 оқырманды қамтыды.
 - Әлеуметтік желілерде ТШО туралы 8 мақала және 10 пост жарияланды.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

қолданылмайды

Жоба: Мүмкіндігі шектеулі жандарды тиімді оңалту

ҮЕҮ: “Біз де адамбыз” қоғамдық қоры

Қамтылған елді мекендер: Атырау қаласы.

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: қолданылмайды

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 81 / 137 (218)

Мақсаты: Атырау облысында арбамен жүретін мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту, олардың қоғамға бейімделуі мен психологиялық жағдайын бақылауда ұстау, оңалту үдерісін жылдам және тиімді жүзеге асыру.

- №1 міндет: өздігінше өмір сүру дағдыларын үйрету арқылы арбаға таңылған мүгедектерді қоғамға қосу;
- №2 міндет: жоба түлектері арасынан өздігінше өмір сүру дағдылары бойынша нұсқаушылар пулын құру;
- №3 міндет: мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелері туралы қоғамды ақпараттандыру, мүгедектерді психологиялық қолдау және ынталандыру

Жоба аясындағы іс-шаралар

- Жобаның басында бірінші « Практикалық семинарға» 10 жаңа қатысушы іріктеліп алынды: мүгедектер арбасындағы 5 қатысушы және 5 ерікті.
- 2022 жылдың 22 сәуірінде жергілікті нұсқаушылар Беларусь Республикасынан келген «РАИК» қоғамдық бірлестігінің 6 жаттықтырушысымен бірлесіп, Атырау облысы оңалту бөлімшесі қызметкерлеріне шеберлік сабағын өткізді.
- 2022 жылдың 23 және 27-сәуірі аралығында «РАИК» ҚБ-мен (Беларусь Республикасы) бірлесіп, бес күндік «Практикалық семинар» ұйымдастырылды.
 - Семинардың мақсаты – Атырау облысы тұрғындарын одан әрі оқыту үшін жергілікті нұсқаушыларды дайындау және омыртқасы зақымданып, арбаға таңылған адамдарды өздігінше өмір сүру дағдыларына үйрету.
 - Семинар барысында оқудың бірінші жылғы түлектері нұсқаушыларға қажетті дағдыларды меңгерді, ал жаңа қатысушылар мүгедектер арбасын жүргізу және оған міну, арбадан басқа беткейге ауысу, суда жүзу, бордюрлерді айналып өту және өздігінше өмір сүру дағдыларын үйренді.
- 2022 жылдың 6-8-қыркүйегінде үш күндік «Белсенді оңалту лагері» шарасы өтті. Лагерь аясында қатысушылар омыртқа және жұлын жарақатын алған және соның салдарынан мүгедектер арбасын пайдаланатын адамдарға арналған практикалық және теориялық сабақтардың қарқынды курсынан өтті. Шара барысында қосымша аурулардың алдын алу, қарқынды қолдануға арналған мүгедектер арбасын жүргізу техникасын үйрету, параолимпиадалық спорттық ойындар, дене шынықтыру жаттығулары және қатысушылардың жаттықтырушылармен жеке ақылдасуы бойынша семинарлар өткізілді.
- 2022 жылдың 28- 30-қарашасында «Алғашқы байланыс» семинары өтті. Қатысушылар ванна/себезгіні қауіпсіз қолдануды, арба үстінде киінуді және шешінуді, ойылған жаралардың алдын алуды, тұрмыстық және әлеуметтік бейімделуді үйренді.
- 2022 жылдың 30-қарашасында облыстық аурухананың оңалту бөліміне Беларустен келген жаттықтырушылар мен жобаның бірінші жылғы түлектерінен қосымша жаттықтырушылар келді. Кездесуде олар науқастармен өздерінің әдеттегі өмір салтына оралудағы жеке тәжірибесімен бөлісті, оларды дене шынықтыру жаттығуларын жасап, белсенді өмір сүруге ынталандырды.
- Жыл ішінде жергілікті нұсқаушылар Атырау оңалту орталығының, Атырау облыстық ауруханасының оңалту бөлімінің науқастарымен 21 рет «Алғашқы байланыс» кеңес беру кездесуін өткізді. Мойын және арқа омыртқасы жарақатын алып, ауруханадан шығарылған жандардың үйлеріне бару ұйымдастырылды.
- Қатысушылардың жеке біліктілігін дамыту мақсатында 2 оқу ұйымдастырылды. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өтініші бойынша эмоционалдық тұрақтылықты нығайту мақсатында осы оқуларға әлеуметтік қызметкерлер де жұмылдырылды. Бұл жағдай оқу кезеңінде инклюзивті ортаның қалыптасуына да ықпал етті.
- Қатысушылармен және олардың туыстарымен жеке біліктілікті дамыту үшін 8 тақырыптық оқулар ұйымдастырылды (өзін-өзі қабылдау, қорқынышпен жұмыс, аудиториямен жұмыс).
- Қатысушылар мен мүгедектер арбасына таңылған қатысушылардың туыстарына олардың қарым-қатынасын және әлеуметтенуін жақсарту үшін психологпен 12 кеңес беру сағаты ұйымдастырылды.

- Спартакиада ұйымдастырылды. Іс-шараға әртүрлі дәрежедегі мүмкіндігі шектеулі жандар қатысып, олардың әлеуметтенуіне оң әсер тигізді.
- “РАИК” ҚБ-мен бірлесіп, омыртқа жарақаты бар адамдарды тиімді оңалту нұсқаулығы әзірленіп, екі тілде жарық көрді;
- Желтоқсан айында <https://www.bizdeadambyz.kz/> сайты іске қосылды. Сайтта мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты соңғы жаңалықтар жарияланады, қордың қызметі мен «Мүгедектігі бар жандарды тиімді оңалту» жобасы бойынша жұмыстар көрсетіледі.
- YouTube арнасы жүргізілуде, жоба нәтижелері, адамдарды ынталандыру және психологиялық қолдау көрсету мақсатында жетістікке жеткен мүгедек жандар туралы бейне сұхбаттар жариялануда.

Жоба нәтижелері

- 2 жылдық оқу қорытындысы бойынша жобаның 8 түлегі жаңа мамандық бойынша жұмысқа орналаса алатын оңалту нұсқаушысы дипломына ие болды.
- Жобаның 6 қатысушысы жұмыс тауып, қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізді.
- Арбаға таңылған қатысушылар әлеуметтену дағдыларын жетілдірді: өздігінше әлеуметтік және отбасылық шаруалар қабілеттілігін қалпына келтіру үрдісі жеделдеді.
- Қатысушылар өздігінше өмір сүру дағдыларын меңгерді.
- Қатысушылар оқу үдерісіне толық қатысып, бейімделу шаралары әдістерін, «тең-теңімен» оқу қағидасын, омыртқа жарақатын алған адамдармен сенімді қарым-қатынас орнату әдісін меңгерді.
- Еріктілер арбадағы адамдармен жұмыс істеу дағдыларын игерді және бұл факт омыртқа жарақатын алған және арбаға таңылған жандарды оңалту жүйесін құруға одан әрі ықпал етеді.
- Жобаның әлеуметтік желілерде қамтылуының арқасында шалғай елді мекендерде тұратын көптеген мүмкіндігі шектеулі жандар онлайн режимде оңалту үрдісімен танысуға мүмкіндік алды. Оқу материалдары қазақ тілінде қолжетімді, бұл болашақ бенефициарлардың қамтылуын жақсартады.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

1. Отбасыжақын адамдары тарапынан. Жоба тобытуыстардың нұсқаушылардан үйренетін дағдылардың қаншалықты маңызды екенін түсінбейінше ешқандай әлеуметтену туралы сөз болу мүмкін емес екеніне сенімді. Көп жағдайда арбаға таңылған жақындарының «қызметшісіне» айналған туыстар жұмысты қиындатады, сондықтан, команда үнемі әңгімелесіп, алғашқы кезеңде еркіндікке қол жеткізу, өзі үшін басқалардың істегені емес, қандай да бір нәрсені өздігінен істеуге көмек көрсету қаншалықты маңызды екенін түсіну үшін оларды семинарларға қатыстырады. Бұл көп күш пен уақытты қажет етеді. Моральдық қолдаудың аса маңызды екенін өз үлгісімен көрсететін арбаға таңылған нұсқаушылардың жаңа қатысушылардың ата-аналарымен болатын сұхбатқа қатыстырылады деп шешім шығарылды.
2. Кедергісіз ортаның болмауы. Топарбаны жүргізу дағдыларын тек ғимараттар ішінде ғана емес, қала көшелерінде де көрсету үшін ғимараттың сыртында көп уақыт өткіуді қалады. Дегенмен, көптеген кедергілер мен жарақат алу қаупі бар жағдайларға тап болады. Инклюзивті орта нормаларына сәйкес келмейтін барлық нысандар хаттамаға толтырылып, олар туралы ақпарат тиісті органдарға берілді.
3. Географиялық шектеу. Жоба шараларын жүзеге асыру барысында Атырау облысынан және одан тысқары жерлерден, аудандар мен ауылдық елді мекендер тұрғындарынан көптеген хаттар келіп түсті. Олар Атырауға келу мүмкіндігі болмағандықтан, жобаға қатыса алмағандарына қынжылыс білдірді.

Жоба: Ат- адамның қанаты

ҮЕҰ: «Атырау – шағын ел» қоғамдық бірлестігі.

Қамтылған елді мекендер: Атырау қаласы.

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 4

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 122 / 27 (149)

Мақсаты: қимыл-қозғалыс, психологиялық тәуелсіздікке қол жеткізуге және адамның жаңа, өзгеретін жағдайларға бейімделуіне көмектесу.

Міндеттері:

- физикалық, психоэмоционалдық және жеке оңалту мен бейімделуге әсер ету үшін балаларды атқа міну дағдыларына оқыту;
- тұрақты емдік мақсатта ат үстінде серуендеу арқылы қозғалыс қызметтерін және жоғалған дағдыларды қалпына келтіруге ықпал ету;
- балаларға тәрбиелік және білімдік ықпал ету, жылқы арқылы жануарлар дүниесіне баулу, тірі табиғатқа деген жанашырлық қарым-қатынасын қалыптастыру, өзара көмек көрсету;
- қоршаған әлемді зерттеу, өз өлкесінің табиғаты туралы білімдерін кеңейту, ең ынталы балалардың қоршаған ортаны зерттеу әдістерін меңгеруі;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығы мен өмірге қосылуына ықпал ету;
- балалардың белсенді өмір салтын ынталандыруға ықпал ету;
- мүгедек және дене тұрқысы бұзылған, сөйлеудің жалпы жетілімсіздігі және психоэмоционалдық бұзылыстары бар балалардың отбасыларына сауықтыру және түзету жұмыстары арқылы көмек көрсету.

Жоба аясындағы іс-шаралар

- Жоспарлы
 - 30 минутқа созылатын иппотерапия сеанстары (ИТ – емдік атпен жүру).
 - ақыл-ой кемтарлығы ауыр деңгейдегі №3 облыстық арнайы мектеп-интернатының тәрбиеленушілері – 10 адам;
 - Атырау облыстық оңалту орталығының 1 және 2-топ мүгедектігі бар науқастар – 112 адам
- Жоспардан тыс
 - 30 минутқа созылатын фелинотерапия (ФТ – мысық терапиясы), канистерапия (КТ – ит терапиясы) сеанстары
 - 20 минутқа созылатын музыка және би терапиясы сеанстары
 - Изотерапия сеанстары (өнертапқыштық өнермен терапия – сурет салу; мысық терапиясы сеанстарындағы балалар өздігінше еркін сурет сала бастады, содан кейін белгілі тақырыптарға сай сурет салды).
 - Еңбек терапиясы сеанстары (еңбекпен емдеу, еңбек үрдісіне ішінара қатысу: гидропоникадағы арпа көшеттеріне күтім жасау және иппотерапия жылқыларын азықтандыру және күту).

Жоба нәтижелері

- Келесі әсерлердің нәтижелері:
 - Соматикалық – 100%
 - Ішкі шоғырлану – 100%
 - Энергиялық – 100%
 - Мінез-құлықтық – 110%
 - Үйлестіру – 100%
 - Реттеушілік – 100%
 - Мотивациялық – 100%
- №3 арнайы мектеп-интернаты тәрбиеленушілерінде кешенді сауықтыру нәтижесінде: жылқы терапиясы-мысық терапиясы-музыка (би терапиясы) нәтижесінде түсінуден бөлек мидың күрделі когнитивтік жұмысы пайда бола бастады: әуен және сурет салуға қызығушылық пайда болды. Осы оң өзгерістердің барлығы *иппотерапияның емдік әсерін* дәлелдейді, ол балалардың миын қанмен қамтамасыз етуді жақсарту арқылы негіз дайындады және сол арқылы нейрондық байланыстарды ретке келтірді. Ал, бұл мәтінді оқуға дайындық – бұдан да күрделі танымдық жұмыс, ол тура мағынасында балаларды әлеуметтендіруге инвестиция болып табылады.

- Бенефициарлар санасында когнитивтік қызметтердің жақсаруы – түсіну, оқу қабілеті (сурет салу, қарапайым еңбекті орындау) сияқты оң өзгерістер байқалады. Мысалы, науқастардың бірі, 12 жаста: сеанстар қабылдау барысында аса белсенді, ерке және агрессияға бейім баладан ол ынталы, ашық, ересек адамның тапсырмаларын анық орындайтын және түсінетін бала болды, биге қабілеті ашылды. Одан күтілетін келесі нәрсе сөйлеу.
- Жобаның осы кезеңінде тек оң әсерді ғана емес, алғашқы нәтижелерді де сенімді түрде атап өтуге болады.

Туындаған қиындықтар және меңгерілген сабақтар

қолданылмайды

Жоба: Құлсары қаласындағы иппотерапия

ҮЕҰ: «Атырау – шағын ел» қоғамдық бірлестігі.

Қамтылған елді мекендер: Құлсары қаласы.

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: қолданылмайды

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 15

Мақсаты: қимыл-қозғалыс, психологиялық тәуелсіздікке қол жеткізуге және адамның жаңа, өзгеретін жағдайларға бейімделуіне көмектесу.

Міндеттері:

- физикалық, психоэмоционалдық және жеке оңалту мен бейімделуге әсер ету үшін балаларды атқа міну дағдыларына оқыту;
- тұрақты емдік мақсатта ат үстінде серуендеу арқылы қозғалыс қызметтерін және жоғалған дағдыларды қалпына келтіруге ықпал ету;
- балаларға тәрбиелік және білімдік ықпал ету, жылқы арқылы жануарлар дүниесіне баулу, тірі табиғатқа деген жанашырлық қарым-қатынасын қалыптастыру, өзара көмек көрсету;
- қоршаған әлемді зерттеу, өз өлкесінің табиғаты туралы білімдерін кеңейту, ең ынталы балалардың қоршаған ортаны зерттеу әдістерін меңгеруі;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамдағы денсаулығы мен өмірге қосылуына ықпал ету;
- балалардың белсенді өмір салтын ынталандыруға ықпал ету;
- мүгедек және дене тұрқысы бұзылған, сөйлеудің жалпы жетілімсіздігі және психоэмоционалдық бұзылыстары бар балалардың отбасыларына сауықтыру және түзету жұмыстары арқылы көмек көрсету.

Жоба аясындағы іс-шаралар

- Жоспарлы
 - 30 минутқа созылатын иппотерапия сеанстары (ИТ – емдік мақсатта атпен жүру).
 - БЦП диагнозы, Даун синдромы және аутизмі бар балалар – 15 адам

Жоба нәтижелері

- Келесі әсерлердің нәтижелері:
 - Соматикалық – 110%
 - Ішкі шоғырлану – 100%
 - Энергиялық – 110%
 - Мінез-құлықтық – 110%
 - Үйлестіру – 110%Реттеушілік – 100%Мотивациялық – 100%
- Тұрақты иппотерапияның оң әсері қан ағымын арттырудан басқа, көптеген бұлшық еттердің жиырылуына жауап болып табылады, яғни, баланың миына өз бұлшық еттерінен келетін афференттік импульстердің күрделі ағыны бар. Бұл қозғалыстың бала миы және санасымен өзара терең әрекеттесуіне ықпал етеді және баланың жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтенуінің негізгі алғышарты болып табылады.
- Бенефициар балалардың жүйке жүйесінің жұмысында, атап айтқанда когнитивтік қызметінде, яғни ойлау қабілетінде елеулі өзгерістер бар. Педагогтар оқудағы жетістіктерді, ал ата-аналар есте сақтау қабілеті мен зейіннің жақсарғанын атап өтеді. Барлық балалар байсалды, олар агрессия мен үрейлену сезімінен арылды, иппотерапия сеанстарына қуана қатысады, ал сабақты өткізіп алса, қатты сағынады.
- Жобаның нәтижелерімен атап өтілген иппотерапияның маңызды жері ішкі ағзалардың жұмысы, яғни ішектер мен қуық жұмысының қалпына келтірілуі болып табылады.
 - Мысалға, науқастардың бірі 11 жаста, эпилепсия, ақыл-ойы қалыс қалған деген диагноз қойылған. Бір жыл бойы иппотерапиямен айналысқаннан кейін, ата-аналар бұрын өз балаларының түсініспеушіліктен (қолына түскен затты бірінші кездескен адамға немесе бөлме ішіндегі заттарға лақтыратын) көрсететін әдеттегі реакциясының жоғалғанын байқай бастады; есте сақтау қабілеті айтарлықтай жақсарды; құрдастарымен ерекше ықыласпен араласады; мектепке барғысы келеді және мұғалімдер оқу үлгерімінің жақсарғанын атап өтеді. Ішкі ағзалардың (ішек және қуық) жұмысы қалпына келтірілді.
- Оңды динамикалық динамикалық стереотип, яғни, бенефициарлар иппотерапиядан өмірге керегін алуда. Дені сау, бірақ тыныс алуға жауапты қабырғааралық, иық бұлшық еттері сияқты әрекетсіз бұлшық еттер жұмыс істей бастады. .

- Өзін-өзі бағалау: өзінен бірнеше есе үлкен жануармен серік болу және оны қолға үйрету ең ауыр мүгедектігі мен мүмкіндігі шектеулі бала үшін психологиялық тұрғыдан маңызды.
- Жобаның осы кезеңінде тек оң әсерді ғана емес, алғашқы нәтижелерді де сенімді түрде атап өтуге болады.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

қолданылмайды

Экономикалық даму

Жоба: Кәсіпкерлерді пандемия кезінде кәсіп жүргізуді жақсартуға үйрету, сонымен қатар, жұмыссыздарды стартап кәсіпкерлікке оқыту

ҮЕҰ: «Petrocouncil» мұнай-газ саласындағы стратегиялық серіктестікті дамыту жөніндегі кеңес ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі, қысқартылған түрде - «Petrocouncil» ЗТБ

Қамтылған елді мекендер: Атырау қаласы және Жылыой ауданы

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 2

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 320

Мақсаты: COVID дағдарысынан зардап шеккен 120 кәсіпкерге (жеке кәсіпкерлерді оқыту, қолдау/кеңес беру, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) көмек көрсету және 200 жұмыссызға өз ісін бастауды үйрету.

Жоба аясындағы іс-шаралар

- «Кәсіпкерлік негіздері» және «Пандемия кезінде бизнесті жүргізуді жақсарту» тақырыптарында оқыту семинарлары өткізілді:
 - екі күндік курстар саны – 9
 - тікелей жәрдемақы алушылар (бенефициар) саны – 200 жұмыссыз және 120 кәсіпкер, оның ішінде Жылыой ауданынан 114 жеке тұлға және 39 кәсіпкер.
- 2022 жылдың маусым- тамыз айлары аралығында бизнес жоспарын жазу, кәсіп ашу және бизнесті кеңейту бойынша кеңес берілді.
- Бағдарлама аяқталғаннан кейін, «Petrocouncil» қызметкерлері бағдарлама қатысушыларын 3 ай бойы бақылап, оларға «тәлімгерлік» етті.
- Байланыс жолдары:
 - 115: Facebook парақшасында 48 жазба; Instagram парақшасында 36 жазба; LinkedIn сайтында 15 жазба; Telegram парақшасында 16 жазба.
 - 2: БАҚ-та 1 мақала, теледидарда- 1 жаңалық

Жоба нәтижелері

- Өңірдегі көптеген жұмыссыз азаматтар кәсіпкерлік негіздерін оқыды және өз ісін аша алады.
- Жылыой ауданы тұрғындарында оқуға деген қызығушылық пайда болды. Бұл тұрғындардың кәсіппен айналысуға қызығушылық танытқанын білдіреді.
- Оқу Атырау қаласы мен Жылой ауданы тұрғындарының қажеттіліктеріне (келешектегі бағыттар және тұрақты бизнес) бейімделген және болашақта бұл тәсілді кәсіпкерлікті қолдау қолдайтын басқа да өңірлік институттар да қолдана алады.
- Жоба басқа өңірлік даму институттарының (Әкімдік, 1Даму1, ҰКП, ӘКК) кәсіпкерлерді оқытудың осындай сапалы бағдарламаларына қызығушылық танытқанын көрнекі түрде дәлелдеді.
- Оқу қорытындысы бойынша 39 адам мемлекет тарапынан нақты қолдауға (гранттық қаржыландыру, жеке кәсіп ашу) ие болды.
 - 20 жеке тұлға 1,2 миллион теңгеге мемлекеттік грант ұтып алды.
 - 1 адам бухгалтерлік есеп және салық салу бойынша оқу орталығын ашуға 2,5 миллион теңге көлеміндегі мемлекеттік грантқа ие болды.
 - 8 адам мемлекеттік бағдарламалар бойынша жалпы көлемі 81 миллион теңге несие алды.
 - 10-нан астам адам өз кәсібін ашты, мысалы, шұжық цехы, перде тігу салоны, дәнекерлеу цехы және т.б. ашылды.
- Аталған жоба өңірде, сондай-ақ Жылой ауданында кәсіпкерлікті дамытуға зор үлесін қосты. Бағдарлама кәсіпкерлікті дамытуға және әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға және жұмыссыздықты азайтуға септігін тигізеді.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

Бағдарламаны қаржыландыру шектеулі.

- Бағдарламаға сұраныс жоғары, жоба басталар кезде тапсырысшымен оқуға қатысушылардың санын арттыру туралы, ал қосымша гранттық қаржыландыруды бөлу туралы даму институттарымен және әкімдіктермен келісу қажет.
- Мемлекет тарапынан:
 - гранттар кеш және шектеулі мөлшерде (5 миллион теңге) беріледі. Грантқа әркімнің қолы жете бермейді, кепілдік қою да қиындық туғызады.
 - Мемлекеттік органдардан, мысалы, әкімдік арқылы зардап шеккен кәсіпкерлердің құрылымы мен құрамы туралы деректер алу қиынға соғады, өйткені мұндай тізім қарастырылмаған, бұл кәсіпкерлер жұмысын талдаудың әлсіз екенін көрсетеді.
- Әсіресе, өңірде білікті жаттықтырушылардың (қазақ тілінде сөйлейтіндер) шектеулі екенін атап өткен жөн.

Жоба: «ЖАРҚЫРА» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы

ҮЕҮ: «Әлеуметтік бағдарламалар мен инновациялар қоры» қоғамдық қорымен бірлескен «Орталық Азияның Еуразиялық қоры» корпоративтік қоры

Қамтылған елді мекендер: Атырау қаласы.

Қосалқы жобалар/бағыттар саны: 10

Тікелей/жанама бенефициарлар саны: 60 / 689 (689)

Мақсаты: Атырау және Атырау облысы қоғамдастықтарының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерін тұрақты кәсіпкерлік шешімдермен қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік инновациялық бастамаларға көмек көрсету.

Жоба аясындағы іс-шаралар

- Атырау қаласының тұрғындарымен 3 таныстыру кездесуі, Атырау облысының аудан орталықтарының (Мақат, Махамбет, Индер, Қызылқоға, Исатай, Құрманғазы) халқымен 6 кездесу, Атырау қаласында 4 ашық кіріспе семинар, Құлсары қаласында 2 ашық кіріспе семинар өткізілді. 489 қатысушы оқытылды (оның ішінде университет пен колледж студенттеріне арналған курс), БК бойынша 8 жаттықтырушы жұмылдырылып, оқытылды.
 - a. Тұрғындардың «Әлеуметтік кәсіпкерлік дегеніміз не?» кіріспе семинарларына қызығушылығын арттыру мақсатында әлеуметтік кәсіпкерлер (бағдарламаның мәреге қатысушылары) арасынан 8 адамнан тұратын нұсқаушылар пулы дайындалды.
 - b. 2022 жылы БК брендінің танымалдылығын арттыру үшін өткен жылдардың бағдарлама ұйымдастырушылары мен біріккен кәсіпорындары университет пен колледж студенттері үшін қонақтық дәрістер өткізуді бастады.
- Байқаудың бірінші айналымында 77 әлеуметтік бизнес идея ұсынылды;
- 25 жоба іріктелді - 22 қатысушы, оның ішінде 15 қатысушы қаржы, стратегиялық жоспар, маркетинг және жұртшылық алдында сөйлеу тақырыптары бойынша оқуды сәтті аяқтады.
- 19 қатысушы бағалау бойынша 22 бизнес жоспарын ұсынды.
- Мәреге қатысушылар: 10 БК жобасы жалпы сомасы 26 459 100 млн теңгеге қаржылық және қаржылық емес қолдау алды:
 - o тәжірибе алмасу үшін 3 грант, 4 несие, 3 тағылымдама;
 - o – «Жарқыра» жобасынан қолдау тапқан 2 финалист БК несиені мерзімінен бұрын қайтарып, жаңа жобаларымен жеңіске жетті;
 - o Өңір бойынша: Атырау қаласынан 6, Құлсары қаласынан 3, Доссор кентінен 1.
- 28-маусымда әлеуметтік кәсіпкерлік күнінде «БК форумы» мен «Жарқыра-2022» байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі ұйымдастырылды. Форумға 80-нен астам адам қатысты
- 8 бірлескен кәсіпорын Астана, Алматы, Ақтөбе, Мәскеу, Түркияда онлайн және офлайн форматында тағылымдамадан өтті.
- 5 бірлескен кәсіпорын өз кәсіпорындарының салтанатты ашылуын ұйымдастырды.
- 2022 жылдың 9-желтоқсанында «Әлеуметтік кәсіпкерлер құрылтайы» өтіп, оған 125 адам қатысты.
- Коммуникация жолдары:
 - o Әлеуметтік желіде- 149 жазба
 - o Өңірлік және республикалық БАҚ-та 13 мақала және теледидарда 12 бейне түсірілім жарық көрді.

Жоба нәтижелері

1-нәтиже: Жергілікті халықтың әлеуметтік кәсіпкерлік туралы хабардарлығы артты.

- Аталған міндетті орындауға ү аймақтағы ОАЕҚ және ӘБИҚ серіктестері тартылды – ІӘК, ІӘА, «Атамекен»ҰКП, «Даму» қоры;
- ҰКП жоба үйлестірушілерін аудандық ҰКП жетекшілерінің чатына қосты, бұлқатысушылардың сапалық қасиеттерін көтерді, әлеуметтік бизнес өкілдері келді;
- кіріспе семинарларға жұмыс істеп жүрген әлеуметтік кәсіпкерлік жаттықтырушыларын жұмылдырудан да оң нәтиже туындады.
- біріккен кәсіпорынның 2 жаңа елшісі таңдалды - Жұмашева Самал, Лилиана Ким.

2-нәтиже: әлеуметтік кәсіпкерлер жергілікті қауымдастықтардағы нағыз әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу үшін шешімдерді іске қосты

- Аудандарды аралау және алдын ала кездесулер өткізу есебінен берілген өтінімдердің сапасы мен мөлшері артты.
- Сонымен қатар, конкурстың бірінші кезеңінде жоба командасы күшімен өтінімдер бойынша жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді, бұл берілген өтінімдердің сапасын арттырды.
- 2022 жылғы жеңімпаздар тізімі:

№	Жеңімпаздың аты-жөні	Жеңімпаздың аты-жөні	Елді мекен	Несие / грант / тағылымдама	Сомасы
1.	Жұмашева Самал	«Құлсары қаласындағы бейімдік спорт және футбол бойынша бейімдеу орталығы»	Құлсары	Грант	4 000 000 теңге
2.	Жақсылықова Мейрамгүл	«Балаларға арналған керамика және құмыра жасау өнер студиясында дамыту сабақтары»	Атырау	Қарыз	4 200 000 теңге
3.	Берекетова Фаризат	«Есту, көру және сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған «Логоланд» логопедиялық орталығы	Атырау	Грант	3 000 000 теңге
4.	Санжанова Фариза	«Болашаққа робототехника арқылы қарау»	Доссор	Қарыз	3 382 000 теңге
5.	Ким Лилиана	«Бақыт сандығы» атты отбасылық аула клубы»	Атырау	Қарыз	4 300 000 теңге
6.	Аманғалиева Алтынай	«Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жаттығу терапиясы және жұмысқа тарту (эрготерапия) арқылы оңалту орталығы»	Құлсары	Тағылымдама	
7.	Мағазова Әйгерім	«Қыздарға арналған «Керім-ай» би клубы»	Жаңа Қаратон	Тағылымдама	
8.	Хасан Бауыржан	«Жүзім өсіру сабақтары»	Құлсары	Тағылымдама	
9.	Хибашева Назгүл	«Ағылшын тілінде бағдарлама құрастыруды үйрену»	Атырау	Қарыз	4 300 000 теңге
10.	Петрова Нина	«Мен өзім»	Атырау	Грант	2 000 000 теңге

- Оқулар нәтижелері бойынша көптеген БК бизнесті үдету шаралары кезінде алынған дағдылар көмегімен өз көзқарастары мен мақсаттарын ретке келтірді және жағдайларын қаржылық және әлеуметтік тұрғыдан жақсартты.
- 2016-2022 жылдар аралығында барлық БК бенефициарлары саны 24 356 адамға жетті.

3-нәтиже: ертеректе қолдау көрген БК-ның жетістіктері

- 2021 жылы жартылай мәреге шыққан 21 қатысушы бірігіп, қала маңында БК құрды; бір-бірінің бенефициарлары үшін бірлесіп жалға алу және түрлі шеберлік сабақтарын өткізу тәжірибелері бар.
- Назымгүл Сағыналиева: өз кәсібін кеңейтіп, 1-4 сыныптар үшін жеке бастауыш мектебін ашты, осы қызмет түріне лицензия алып, жеке үй-жай сатып алды.
- Әзілхан Байбатыров: облысқа қоқысты сұрыптау зауыты құрылысына инвестиция тартты және өзі басшылық етеді.
- Арайлым Нұғманова: Орал қаласында ерекше балаларды дамыту орталығының филиалын ашты, бөлмені жөндеуге қосымша қаржы тартты, Атырау облысы бойынша балалар құқықтарын қорғайтын өкіл болды, ӘБИҚ және ОАЕҚ бірлесіп «Ерекше балалар: өмірдегі ұзақ жол» балалар инклюзиясын дамытуға арналған өңірлік форумды ұйымдастырды.

- Самал Жұмашева: 2022 жылы «Жарқыра» бағдарламасының елшісі және ҮЕҰ сыйлығы иегері атанды, «Жарқыра» байқауында екінші рет жеңімпаз атанды және Құлсары қаласында бейімделген спорт және футбол орталығының филиалын ашты.
- Лилиана Ким: «Жарқыра» бағдарламасының елшісі болды, «Жарқыра» байқауында екінші рет жеңімпаз атанды, балалар аула клубын ашуға несие алды. Бұл жоба Айгүл Уалиевамен бірлесе жүзеге асырылуда, ол осы мақсатта әкімдіктен жеңілдігі бар шарттармен бөлме алды.
- Эльмира Мусина: Доссор кентінде 100 орындық спорт клубын ашуға қосымша қаржы және жобаны кеңейту үшін әкімдіктен жеңілдігі бар шарттармен бөлме алды. ҚР Президентінің Алғыс хатын алды.
- Әлия Құбаева: «Жомарт жүрек» республикалық байқауында «Жылдың үздік ұйымы» номинациясы бойынша және «Qolday» республикалық байқауының жеңімпазы атанды.
- Лаура Исаева: 40 миллион теңгеден астам қаржыға транскраниалды магниттік қоздыру және микрополяризация құрылғыларын сатып алды, соның арқасында өз кәсібін кеңейтті.
- Өткен жылдардағы «Жарқыра» байқауы жеңімпаздарының 2022 жылы алған несиелері бойынша қаражат қайтарымы 11 759 420 теңгені құрады.
- 17 БК өз жұмысын жақсартты және/немесе жаңа қызметтер енгізді.
- 8 БК 77 миллион теңге көлемінде қосымша қаржы тартты.
- 9 БК өз қызметі үшін ҚР Президенті, облыс және қала әкімдерінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Туындаған қиындықтар және алынған сабақтар

- Университет оқулар үшін оқу кабинеттерін тегін берді және бұл бюджетті үнемдеуге мүмкіндік берді. Дегенмен, бөлме жертөледе орналасқан және қыс пен көктем айларында суық болады. Сондай-ақ, университетке санитарлық топтардың гигиеналық жағдайын жақсарту ұсынылды. Келер жылы бөлмелерді жылытқыштармен қамтамасыз етіп, бизнес орталықтағы әжетханалар жағдайын жақсартуды қадағалау қажет.
- SMM серіктестері қормен ұзақ жылдар бойы жұмыс істеді, бірақ соңғы жылы жұмыспен қамтудың артуына байланысты серіктестердің материалдарды дайындау және толтыру сапасы нашарлап кетті. Белсенділік пен шығармашылықты арттыруға шақырған үндеулеріміз нәтиже бермеді. Нәтижесінде топ мүшесі сынамалы кезеңде SMM маманы болды.
- Бірқатар қатысушылар бизнестің нәтижесіне қатысты сенімсіздік немесе кепілзаттың болмауына байланысты несиелерден бас тартты. Болашақта бизнесті үдету шаралары кезінде несие алу үшін кепілзаттың қажеттілігі туралы қосымша хабарлау қажет.